

С.Оразалин атындағы жалпы орта мектебі бойынша «Оратор» дебат клубының
2022-2023 оқу жылы бойынша жылдық есебі

С.Оразалин атындағы жалпы орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылында 7-10 сынып оқушылардың арасында «Оратор» дебат клубы құрылып, жетекшісі Жүгінісова Нұршат тағайындалып, жылдық жоспары бекітілді.

Мақсаты: Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.
 - Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
 - Талантты жастарды ынталандыру;
 - Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
 - Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
 - Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру
 - Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу
 - Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу
- Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету

Кітап пайдалы ма әлде ғаламтор ма? Осы тақырыпта пікірталас өтті. Карантиндік талаптарға байланысты эрина кітап пайдалы. Бұл пікірталаста екі фракция қатысты.



Қазақстанның болашағы жастардың қолында.Елбасымыз айтқандай мен жастарға сенемін дегендей,болашақты жастарға тапсырды.Бұл пікірталасқа фракция қатысты.Санитарлық талаптарға сай өтті.



«Карантин уақытында Наурыз мерекесін тойлаған дұрыс па!» пікірталас өтті.Пікірталаста достық жеңді.





С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылғы 1 – 11 ақпан аралығында өткізілген «Өзін – өзі тану: Сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» онкүндігі бойынша бүгін «Патриоттық, адамгершілік қайырымдылық» тақырыбында дебат өткізілді. Мақсаты: Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік- рухани тәрбие беру. Жастарға жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілікке қасиеттерін сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Және де табиғатқа қамқорлықпен қарау. Еңбекте – еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дебат сайысында: «Жалын», «Бегімай», «Алаш», «Жігер» фракциялары қатысты. Керемет сайыс болды деп айтауға болады. Сайыста I – орынға ие болған фракция «Жігер», II – орынға ие болған фракция «Жалын», III – орындарға ие болған фракция «Бегімай» мен «Алаш» фракциясы. Санитарлық талаптарға сай өткізілді.



«Ковид 19 ға қарсы екпені алу дұрыс деп есептейсіз бе?». Қазақстанда вакцинация ерікті болып табылады. 2021 жылғы 1 ақпан бастап ҚР – да Ресейде шығарылған «Спутник» вакцинасын пайдалана отырып, КВИ – ға қарсы вакцинация басталады. Пікірталаста «Жалын» фракциясы мен «Бегімай» фракциясы қатысты. «Жалын» фракциясы үкімет, «Бегімай» фракциясы оппозиция. Яғни, үкімет Ковид 19 ға қарсы екпені алу дұрыс деп есептейді. Себебі вакцина алмаса аурудың жойлатын түрі жоқ. Сақтанса сақтайды демекші, алдын ала сақтанып жүрген бәрімізге пайдалы. Вакцина алған адамдардың кейбір аурулары жазылып кетіп жатыр. Сол себептен вакцина алғанды дұрыс деп есептейміз деп үкімет өз сөздерін айтты. Ал, оппозиция қарсылық танытты. Вакцина алған дұрыс деп есептемейміз, себебі вакцинасыз да сақтанып жүруге болады. Мысалы үйде отырып, онлайн форматта сабақ, жұмыс істеу, бет перде киіп жүру. Вакцина алып өліп кетіп жатқан адамдар қанша ма? Осындай пікірталас өтті. Тақырыпты жақсы ашты. Әр фракциялар берілген уақытты тиімді пайдаланды. Санитарлық талаптарға сай өткізілді. «Жалын» фракциясы жеңіске жетті.

"Ковид 19ға қарсы екпесін алу дұрыс деп есептейсіз бе?"

5/5



С.Оразалин атындағы ЖОББ мектебінің «Оратор» дебат клубының әлеуметтік «Инстаграм» парақшасында жариялануы



Дебат жетекшісі: Н.Жүгінісова

«Оратор» дебат клуб мүшелерімен жылдық жоспар бойынша жұмыстар жалғасын табады. Ұйым мүшелерімен өткізілген әрбір іс-шара әлеуметтік желілерге салынды.